

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі №103 "Батыс Қазақстан облысы бойынша субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 287 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 6536 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 181 "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20735 тіркелген) бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 29 сәуірдегі №103 "Батыс Қазақстан облысы бойынша субсидияланатын тұқымдардың нормалары мен шекті бағаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5645 тіркелген, 2019 жылғы 13 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары М.Н.Манкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев